

«Бекітемін»

Манғыстау облысының білім басқармасының

Манғыстау аудандық білім бөлімінің

«Арай» бөбекжайы жедел басқару

құқығындағы мемлекеттік коммуналдық

казыналық кәсіпорының

директорының м.а Ж.Жубаниязова

«__» _____ 2023ж

Педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылындағы жылдық
SWOT- талдау есебі

Бөбекжай психологі:

З.Абишбаева

Маңғыстау аудандық білім бөлімінің «Арай» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының 2022-2023 оқу жылы бойынша педагог-психологтардың жылдық жұмысына SWOT-талдауы.

1. Мықты жағы

2022 оқу жылының басы «Арай» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының 2022-2023 оқу жылын 4- топ 80 баламен бастады.

Балалармен, педагогтардың, ата-аналармен ұйымдастырылған іс-шаралар «Арай» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының фейзбук паракшасына салынып отырылады. Бөбекжай сайтына да жүктелініп отырылды.

Бөбекжайымызда педагог-психолог қызметі бойынша 0,5 психолог маман, жұмыс атқарады. Жұмыс уақыты: 09.00-12.00 ға дейін.

1. Абишбаева Завреш Аманжоловна – педагог-психолог; санатсыз

Жұмыс барысында басшылыққа алатын құжаттарымыз:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы.
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдық үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы;
- Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы «15» мамырдағы № 115 қаулысымен бекітілген «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Маңғыстау облысы білім басқармасының 08.12.2020 жылғы №130-нқ бұйрығына сәйкес «Маңғыстау облысының орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидалары»;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі» 2016 ж;
- Бала құқықтары туралы Конвенция;
- ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексі;
- ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы 2011 ж
- ҚР «Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және бақылаусыздық пен панасыздықтың» алдын-алу;
- ҚР «Білім туралы» Заңы

-ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық логикалық түзету арқылы қолдау туралы» Заңы

Мектептегі психологиялық қызметі-

Мақсаты: Оқушының білім алу кезіндегі оқу дағдысын, қабілеттілігін анықтап, психологиялық жұмыстар жүргізе отырып, оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыруға психологиялық қолдау көрсету;

Әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Психологиялық қызметтің негізгі жұмыс бағыттары, міндеттері және оны жүзеге асыру формалары бойынша бізде 4 бағытта жүргізіледі.

1. Психологиялық диагностика
2. Психологиялық ағарту (профилактика)
3. Психотүзету (психокоррекция)
4. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу

Психологиялық қызметтің 4 бағыты бойынша жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

«Арай» бөбекжайы жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша психологиялық қызмет іс-әрекетінің жылдық жұмыстарының негізінде – оқу жылында 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Іс-шара жоспарындағылар жоғарыда келтірілген мәлімет бойынша әр айға және аптада атқарылған жұмыстарға бөлінді.

Айлық жоспарға сәйкес жұмыстардың қорытындылары:

1. Қабылданған балалардың тізімін алу, олармен танысу. Жұмыс жоспарын жасақтау. Балалар толықтай қабылданды. 80 бала, 4 топ. Психологтың жұмыс жоспары бекітілді.
2. Қабылданған балалардың балабақшаға бейімделуі. Қабылданған балалардың балабақшаға бейімделуін бақылау парағын толтырдым. Барлық топтарды аралап, балалардың қабылдаған кездегі көңіл күйі, таңертеңгі жаттығудағы көңілі, тамаққа тәбеті (таңғы, түскі, кешкі асқа тәбеті), ұйқыға дайындығы, қарым-қатынасы (балалармен, үлкендермен), белсенділігі (ойында, сөйлеуде), көңіл-күйі туралы қарап байқап, мамандармен бірлікте толтырылды. Балалардың балабақшаға бейімделуі жақсы деңгейде өтті.
3. Жаңа келген педагогтарға психологиялық көмек көрсету. Педагогтарға арналған тренинг «Педагогтардың кәсіби жануы» атты тренинг жүргізді.
4. Баланың балабақшаға бейімделуіндегі отбасының ролі. Тақырыбында 4 топ ата-аналарына кеңес берілді.

5. Қызғалдақ-Бәйшешек, Балапан, Қарылғаш тобының ата-аналарына арналған «Менің бөбегім балалар бақшасына барады» отырысын ұйымдастырып, кеңес беру. Тәрбиешілермен, медбикемен бірлікте отырыс ұйымдастырылып, ата-аналарға кеңес берілді.
6. Балалар қызырлықтары (кіші топқа арналған). Психолог кабинетінің жанындағы стендке кіші топқа арналған жаднама.
7. Танымдық қабілеттерін анықтау. Әр топ тәрбиеленушілері жеке-жеке танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау кестесі алынып, қорытындысы шығарылды. **Балапан тобы:** Түстерді ажырата білуі: өте жақсы-9, жақсы-5, орташа-6, меңгере алмай отырған бала болмады. Жануарларды балалардың толықтай танып, біліп отыр. Сандарды тану және ретімен орналасуы бойынша- өте жақсы-8, жақсы-4, орташа-8, сурет бойынша әңгімелеуі, өте жақсы-18, жақсы-2, Пішіндерді ажыратуы-өте жақсы-15, жақсы-3, орташа-2, ерекше қабілеті байқала ма? деген сұраққа- қабілетті байқалатын балалар бар, 20/8, Ортаға бейімділігі ұялшақ-20/10, белсенді балалар-20/10, сонымен қорытынды шығаратын болсақ, түстерді үйретуге, пішіндермен әлі де болса жұмыс жасауға, сандарды қосып алуға дағдыландыруға тапсырмалар берілді. Жыл соңында толықтай бала меңгеріп тұр.
- Қарылғаш тобы.** Түстерді ажырата білуі, жануарларды балалар толықтай танып, біліп отыр, сандарды тану және ретімен орналасуы, орташа деңгейді, 2 бала көрсетіп отыр, 18 бала өте жақсы-18, пішіндерді толықтай меңгерген, ерекше қабілеті байқала ма? деген сұраққа ән-би мәнерлеп оқи жағынан байқалатын балалар бар. Ортаға бейімділігі-ұялшақ-10, белсенді -10, қорытынды биыл балабақшамен қоштасатын топ болғандықтан, көбірек жұмыстану тапсырылды, жыл соңында бала толықтай меңгеріп кетті. **Қызғалдақ тобының** сол күнгі келген бала саны 14, қалған бала-6 себепті анықтамаға тіркелген балалар. Түстерді ажыратуы-өте жақсы-6, жақсы-3, орташа-5, жануарларды білуі-өте жақсы-11, жақсы-3, сандарды тану, жемістерді тануы-өте жақсы-6, жақсы-5, орташа-5, сурет бойынша әңгімелеуі, пішіндерді ажыратуы жақсы-16, суреттерді салыстыруы (үлкен-кіші)-өте жақсы-16, ерекше қабілеті байқала ма?-байқалып келе жатқан бүлдіршіндемен жұмыстану, ортаға балалардың бейімділігі- орташа-7, белсенді-6, көбірек жұмыстану керектігін тәрбиешілеріне ескерте отырып, логопед-дефектолог маманға да ұсынылған балалардың бар екендігін естеріп, мамандармен бірлікте балалардан нәтиже шығару. Жыл соңында алға ұмтылысы бар балаларды көріп қуанып қалдық. Бәйшешек тобының балаларынан танымдық қабілеттерінің даму деңгейін анықтау мақсатында жеңілдетілген сұрақтар алынды, себебі, жас шамасы-2-2,5 жастағы бүлдіршіндер. Дене мүшелерін, жануарларды сурет бойынша тануы, жеміс-жидектердің суреті бойынша атын атауы, деген сұрақтар қойылды. Өте жақсы нәтиже көрсеткен балалар-7, жақсы-7, орташа деңгей-6, балалардың сөйлеуі төмен болғандықтан логопед маманға ұсындық. Жыл соңында балалардың жетістіктерін байқадық.

8. Сіздің балаңызда темпераменттің қай типі басым. Балалардың темпераментін анықтау мақсатында тәрбиешілермен бірлікте сауалнама алынды, қорытындысы шығарылды. Барлық топтағы холерик-19, сангвиник-23, флегматик-21, меланхолик-17.
9. Қызғалдақ- Бәйшешек тобының ата-аналарына «Үш жастағы дағдарыстан өту жолдары тақырыбында мәслихат өткізу». Екі топтың ата-аналарымен Үш жастағы дағдарыстан өту жолдары тақырыбында дөңгелек стол өткізіліп, мамандармен талқыланды.
10. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын арқылы сөздік қорын молайту. Барлық тәрбиешілерге, мамандарға кеңес берілді.
11. Балағат сөздердің балаға әсері (орта топ); Психолог кабинетінің жанындағы стендке орта топқа арналған жаднама.
12. Қиял дамуын анықтауға «Ертегі құрастыр» әдістемесі. Барлық топ балаларына ертегі құрастыр әдістемесі арқылы. Шалқан ертегісінің желісі бойынша суреті арқылы әңгімелету. Балалар сөздік қорын қиялын анықтау мақсатында.
13. Мектепке дейінгі жаста шығармашылық қабілеттің даму ерекшеліктері кеңес. Мамандарға тақырып бойынша кеңес берілді.
14. Балалардың танымдық процестерінің зерттеу нәтижесімен таныстыру. Жеке кеңес беру. Барлық топ тәрбиешілеріне, логопед-дефектолог, дене тәрбиешісінің нұсқаушысына қорытындымен таныстырылып, кеңестер берілдім.
15. Қарым-қатынас дағдыларын, көңіл-күй сезімдерін дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығулар. Топ ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі ойындармен ойнатылды. Мысалы: Ине мен жіп, бұл кашан болады? Кім қалай дыбыстайды? т.б ойындар ойнатылды. Ойын кезінде балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын көңіл –күй сезімдерін сырттай бақыладым.
16. Баладағы 5 жас дағдарысы және оны өткізу жолдары (жоғарғы топ); Психолог кабинетінің жанындағы стендке жоғарғы топқа арналған жаднама.
17. Зейінді анықтауға арналған «Графикалық диктант» әдістемесі. Тәрбиешілердің көмігімен алынып қорытындысы шығарылды.
18. Ата-ана мен бала қарым-қатынасындағы қаталдықты анықтау сауалнамасы. Сауалнаманың маңыздылығы түсіндіріліп, қорытындысы шығарылды.

19. Ата-аналарға арналған 10 өсиет жадынамасы .Отбасылық тәрбие. Психолог кабинетінің жанындағы стендке 10 өсиет ата-анға арналған жаднама.
20. Балалардың өзара қарым-қатынасын анықтау («Социометрия» әдістемесі).
Мақсаты: Балалардың топтағы қарым-қатынасын анықтау..
Барлығы: 4 топ бойынша –80 оқушы
Нәтижесі-қорытынды Топ лидерлері анықталып, оқшау қалған оқушы жок.
21. Психодиагностикалық зерттеу жұмыстарының қорытындыларымен ата-аналарды таныстырып отыру. Зерттеудің қорытындыларымен мүмкіндігінше ата-аналарды таныстыру.
22. Топтардағы даму деңгейі төмен және орта деңгейдегі балаларға жеке-дара дамыту тапсырмалар беру.
Зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып жеке-дара дамыту жұмыстарын жүргізу, қорытындысын тәрбиешілерге таныстырдым.
23. Әке-шешелерге арналған он парыз(барлық топтарға); Психолог кабинетінің жанындағы стендіге әке-шешелерге арналған 10 парыз жаднама ай сайын ауыстырылып тұрады.
24. Есте сақтауды анықтауға «10 сөз» әдістемесі. Барлық топтан суреттер арқылы алынып қорытындысы шығарылды. Балалардың есте сақтау қабілетін сөздік қорын дамыту мақсатында алынды.
25. Педагогтардың дамуға қабілеттілігін айқындау сауалнамасы. Сауалнама алынып қорытындысы шығарылды.
26. Балалардың жанұяның ішкі жағдайын анықтауға арналған «Менің жанұям» әдістемесі. Менің жанұям тақырыбында сурет салынып, әдістеменің қорытындысы шығарылды.
27. Тәрбиешілерге жеке кеңес беру. Жеке кеңестер берілді. Сұрақтарына байланысты. Журналға толтырылып отырылды.
28. Ұжымдағы барлық шараларға, ертеңгіліктерге қатысу. Ұжымдағы ертеңгіліктерге, әр-түрлі шараларға қатысып отырдым.
29. Жеке тұлғалық дамуды анықтауға арналған «Үй –ағаш-адам » әдістемесі. Барлық топ тәрбиешілерімен бірлікте, әдістеме бойынша сурет салу арқылы жеке тұлғалық дамуын байқап, қорытындысы шығарылды.
30. Ересек тобының тәрбиешілермен Әңгіме. Баланың мектепке дайындығын қалыптастыр. Балапан және Қарылғаш тобының тәрбиешілерімен баланың мектепке дайындығын қалыптастыру мақсатында дөңгелек стол өткіздік.
31. Балаларға психологиялық тұрғыда мектепке баруға дайындау. Мектепке кетуге балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында мектепке бір күндік саяхат жасадық. (Балапан-Қарылғаш тобының балаларымен.)

32. Балалардың мектепке баруға психологиялық дайындығы мәселесі бойынша дәрігердің-психологтың – тәрбиешілердің бірлескен отырысын өткізу. Қарылғаш тобының ата-аналарына «Сіздің балаңыз мектепке баруға дайын ба?» тақырыбында сауалнама жүргізу. Балабақша ішілік ата-аналар жиналысын өткізіп, сауалнама алынып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Психолог жұмысына мониторинг

Р/С	Психологтың аты-жөні	Қатысқан шаралардың атауы Курстары	Түрі, қай көлемде	Уақыты
1.	Абишбаева Завреш Аманжоловна	Мектепке дейінгі ұйым психологтары арасында өткен «Үздік психологиялық тренинг» «Іздемпаз психолог»	аудан	2022
2		Мектепке дейінгі ұйымның үздік психологі-2022 II орын	аудан	2022
3		Ерекше білімді қажет ететін балаларды қолдау – қоғам қажеттілігі семинар	Аудан, «Ер төстік» бөбекжайы	24.01.2023
4		Инклюзивті кабинеттің ашылуы	Аудан, Құлыншак бөбекжай	2023
5		Оқу-әдістемелік орталығының іс- шаралар жоспарына сәйкес аудандық «Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың қызығушылығын эксперименттер жасау арқылы дамыту» тақырыбында өткен семинарда белсене қатысып, өз іс- тәжірибесімен бөліскені үшін алғыс	Аудан	2023, маусым

6		«Буллинг-себентері, формалары, алдын алу, біліктілігін арттыру курсы» өткендігін растайды»	Өрлеу, офлайн	2023.наурыз
7		21.11.22-05.12.22ж аралығында «Арт терапия» курсы бойынша 80 сағат көлемінде өз білімін жетілдірді. Қашықтықтан «Арт терапия» технологиясын жетілдіру бойынша оқу курсынан өткендігін растайды.		2022, желтоқсан
8		120 сағаттық «Заманауи практик психолог» курсы аяқтағаны үшін берілді.		2023, қаңтар
9		Өскелең ұрпаққа білім берудегі және тәрбиелеудегі жетістіктері мен табыстары үшін Алғыс хат	Арай бөбекжай	2023. мамыр